**ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қортындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ХАТТАМАСЫ №4**

Ленгер қаласы 16 тамыз 2024 жыл.

**Төрағасы: Ғ.К.Кабылбеков - Басшының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары.**

**Хатшылықта: Досболова Анар Өмірзаққызы – мамандар бөлімінің инспекторы.**

Қатысқан қызметкерлер саны: 22 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

**ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қортындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және берілген ұсыныстарды орындау.**

**Төрағалық етуші Ғ.К.Кабылбеков** жиналысты ашық деп жариялап,

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді жою және берілген ұсыныстарды орындау. ШЖҚ «Ленгер қалалық емхана» басшысының міндетін уақытша атқарушы Ғ.К.Қабылбековтың 2023 жылгы 12 маусымдағы №90-н/қ бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгендігін, осы талдау жұмыстарының барысында Мекемелермен жасалған келісім шарттарда жұмыстың аяқталуы туралы акті өткізілмей тұрып қаражат аударылған фактілер орын алған. Бұл өз кезегінде тапсырыс беруші мен жеткізу арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін факторлар анықталған.

Мекеме қызметкерлерін қабылдау кезінде заң талаптарына сәйкес емес, зейнеткерлікке шыққан жұмыскермен енбек шартын бұзу барысында заңнама талаптары сақталмаған, мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған және мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылғаны туралы тәуекелдердің анықталғандығын айтып өтті.

Аталған тәуекелдерді ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы арнайы іс-шаралар жоспары қабылданғандығын айтып, осы іс- шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілуі керектігін атап өтті.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы арқылы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау және еңбек шартын бұзу сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану бойынша, зейнеткерлікке шыққан жұмыскермен енбек шартын бұзу барысында заңнама талаптарын сақтау және мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылғаны туралы тәуекелдерді жою мақсатында дұрыс жұмыс жүргізілуді қадағалау бөлімінің басшысы А.О.Суттибаевқа жүктелсін;

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамалар беру қызметін цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы арқылы жүзеге асыруда дұрыс жұмыс жүргізілуді қадағалау басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары У.О.Анаркуловаға жүктелсін;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан заңнаманы талдау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілсін.

Жиын соңында сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне байланысты бір қатар сұрақтар төңірегінде талқылау жүргізілді, сұрақтар қойылды ұсыныстар жасалды.

Күн тәртібіндегі маселені талқылап жиналыс **Қаулы етеді:**

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерін адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы арқылы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау және еңбек шартын бұзу сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану бойынша, зейнеткерлікке шыққан жұмыскермен енбек шартын бұзу барысында заңнама талаптарын сақтау және мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылғаны туралы тәуекелдерді жою мақсатында дұрыс жұмыс жүргізілуді қадағалау бөлімінің басшысы А.О.Суттибаевқа жүктелсін.

2. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамалар беру қызметін цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды

тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы арқылы жүзеге асыруда дұрыс жұмыс жүргізілуді қадағалау басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары У.О.Анаркуловаға жүктелсін;

3. Мекеме бұйрықтарында ҚР Еңбек кодексінің заңнама талаптары сақталуын кадр бөлімінің басшысы А.О.Суттибаевқа жүктелсін.

Жиналыс төрағасы Ғ.К.Кабылбеков жиналысты қортындылады.

**Жиналыс төрағасы:** **Ғ.К.Кабылбеков**

**Хатшы:** **А.Ө.Досболова**